Шоғырландырылған қаржылық есептілік/қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есеп №59

Қызылорда қаласы **16 сәуір 2026 жыл**

Аудит объектісінің атауы:

«Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Заңды тұлғаның мекен-жайы: 120100, Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі №1.

Қызылорда облысы әкімдігінің «Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 24 желтоқсандағы №231 қаулысымен бекітіліп, аталған Ереже Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 15 қаңтарында қайта тіркеуден өткен. БСН 951 240 000 284.

1.Мен аудит жүргіздім

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қызылорда облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің қаржылық есептілік аудиті бөлімінің басшысы-мемлекеттік аудитор Рақым Азамат Махамбетұлы Департаменттің 2025 жылғы 04 қыркүйегіндегі №59 Аудиторлық іс-шараны (тексеруді) жүргізуге нұсқауға *(Тексеруді тағайындау туралы акті)* *(негіздемесі: ҚР ҚМ Ішкі мемлекеттік аудит Комитетінің Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 2023 жылға арналған мемлекеттік аудит обьектілерінің тізбесі)* сәйкес «Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде *(бұдан әрі–Мекеме)* 2025 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудиторлық іс-шара жүргізді.

2. Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды тұлғалары:

Аудитпен қамтылған аралықта қаржылық құжаттарына бірінші қол қою құқығымен Мекеме басшысы Ж.Сейілов, екінші қол қою құқығымен мемлекеттік-жекешелік әріптестік және бағдарламалармен жұмыс бөлімінің басшысы Ж.Ебелекова ие болған.

3. Шоғырландырылған қаржылық есептілік/қаржылық есептілік үшін мемлекеттік орган (мекеме) басшылығының жауапкершілігі:

Мемлекеттік мекеменің басшылығы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауапты.

4.Аудитордың жауапкершілігі:

Біздің жауапкершілік Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы №392 «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 36-бабының 3-тармағына сәйкес мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың негізгі қағидаттары мен стандарттарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес дербес тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауаптылықта болуға болады және осы аудиттің негізінде осы қаржылық есептілік бойынша пікір білдіруге негізделеді.

5.Алдыңғы ішкі мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы мәліметтер:

Бұдан бұрын Мекемеде Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит бөлімінің бас инспекторы – мемлекеттік аудиторы Шалгинбаев Сакен Бекмурзаевичпен Қызылорда облысының облыстық бюджеттің 2023 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігі бойынша аудит жүргізілген.

Аудит нәтижесімен 9 046,4 мың теңге қаржылық бұзушылығы анықталып, 26.06.2024 жылғы №29 Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының нұсқамасы жолданған.

Мекememен нұсқаманы орындау барысында бухгалиерлік және қаржылық есептегі операциялар бойынша 9 046,4 мың теңгені қалпына келтірілген.

6. Ішкі мемлекеттік аудит жүргізуге кедергі жасау:

Ішкі мемлекеттік аудит жүргізуге кедергі жасау деректері болған жоқ.

7.Аудиторлық пікір білдіруге негіз:

Аудит Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы №392 «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 19 наурыздағы №392 «Ішкі мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы», Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңына *(бұдан әрі - №234 Бухгалтерлік есеп Заңы)*, 2017 жылғы 24 сәуірдегі №272 «Қаржылық есептілік аудиті рәсімдік стандарттарын бекіту туралы», 2025 жылғы 12 мамырдағы №223 «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» *(бұдан әрі - №223 Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидасы)*, 2025 жылғы 15 мамырдағы №229 «Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидаларын бекіту туралы» *(бұдан әрі - №229 Шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидасы)*, 2025 жылғы 15 мамырдағы №230 «Қаржылық есептілік нысандарын, кезеңділігін және оларды жасау мен ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрықтарына *(бұдан әрі - №230 қағидасы)* сәйкес және бюджеттік әкімшісінің жауапкершілігі болып табылатын Мекememен ұсынылған құжаттар негізінде 2025 жылғы қаржылық есептілікте 2026 жылғы 1 қаңтар жағдайы бойынша мекеменің қаржылық жағдайына және оның қызметінің қаржылық нәтижелеріне, ақшалай қаражаттардың қозғалысы бойынша жүргізілді.

Ішкі мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүргізу ережелері қаржы есептілігінің елеулі бұрмаланулардың жоқтығына жеткілікті сенімділік алу үшін аудитті жоспарлау және жүргізуді талап етеді.

Аудит қаржы есептілігіндегі цифрлық материалды растайтын деректерді таңдаулы сынақтар негізіндегі тексерулерді қамтиды.

Аудит сондай-ақ, қаржы есептілігінің тұтастай көрсетілуіне қолданылатын және бағалау принциптерін бағалауды қамтиды.

Аудит қаржылық есептілік бойынша пікір білдіру үшін ақылға қонымды негізді алу үшін жүргізілді.

Бухгалтерлік есеп №234 Бухгалтерлік есеп Заңының талаптарына, Есеп саясатына, мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидалары талаптарына сәйкес жүзеге асырылған.

Мекеменің есепке алу жүйесіндегі операциялар мен оқиғалар бухгалтерлік жазбаларда хронологиялық тәртіпте түпнұсқалық құжаттарды тіркеу арқылы көрініс тапқан.

Барлық мәмілелер мен оқиғалар Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 16 сәуірдегі №170 «Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарын бекіту туралы» бұйрығына *(бұдан әрі - №170 Шоттар жоспары)* негізделген синтетикалық шоттарда көрсетілген.

Бухгалтерлік жазбалар Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 22 сәуірдегі №187 «Мемлекеттік мекемелер үшін бухгалтерлік құжаттама нысандарын бекіту туралы» бұйрығымен *(бұдан әрі - №187 Нысандар альбомы)* бекітілген бухгалтерлік құжаттама нысандарының альбомындағы құжаттама нысандарына сәйкес жасалған алғашқы құжаттардың негізінде жасалған.

Ағымдағы есептердің әрбір аналитикалық есебіне арналған айналымдар мен қалдықтардың нәтижелері «Альбомдар формасы» 308 нысанындағы «Журнал-бас кітабының» осы қосалқы шоттарының айналымы мен қалдықтарымен салыстырылып жасалған.

Жылдық, жарты жылдық есептер, оның ішінде, активтер бойынша есептер ай сайын жасалады. Есеп жүргізу тіркелімдері шоғырландырылған бухгалтерлік баланста топтастырылған.

Тіркелген деректерге сәйкес ағымдағы есеп-қисаптағы қалдықтар айналым шоттарының қалдықтарына сәйкес келеді.

Қаржылық есептілік аудиті кезінде келесі аудиторлық шаралар орындалды:

-қаржылық есептіліктегі сомалар мен басқа да ақпаратты растайтын деректерді іріктеп тексеру;

-бухгалтерлік есеп принциптерін бағалау;

-бастапқы құжаттарды толтырудың дұрыстығын тексеру;

-бухгалтерлік есеп тіркемелері мен қаржы есептілігінде бастапқы құжаттарды көрсетілуі бойынша жүргізілді.

Аудитке келесі құжаттар ұсынылды:

-Ереже;

-бухгалтерлік баланс қосымшаларымен;

-есепке алу тіркемелері;

-банктік құжаттар;

-келісімшарттар;

-бюджетпен, жеткізушілермен және тұтынушылармен есеп айырысу бойынша бастапқы құжаттар және т.б .;

-ұзақ мерзімді активтер, қорлар бойынша бастапқы құжаттар;

-есеп айырысу-жалақы мен басқа да төлемдерді есептеу және төлеу құжаттары.

Мекеменің құрылымына қарасты 5 (бес) ведомостволық: «Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Аналарға

тағзым» орталығы» КММ-сі (бұдан әрі-Анаға тағзым орталығы), «Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Қызылорда облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасы» КММ-сі (бұдан әрі-Арнаулы кітапхана), «Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві» КММ-сі (бұдан әрі-Облыстық архив), «Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Қызылорда облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау орталығы» КММ-сі (бұдан әрі - Тарихи-мәдени мұраны қорғау орталығы), «Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Әбділда Тәжібаев атындағы Қызылорда облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ-сі (бұдан әрі-Тәжібаев атындағы кітапхана) бар.

Сұрақ. Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің талдамасы және нәтижелері.

Жауап. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен *(«Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» КММ)* 2026 жылдың 1 қаңтар жағдайы бойынша жасалған Шоғырландырылған қаржылық есептілігі №229 Шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидасының талаптарына сәйкес жасалған.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке Мекеме және қарасты бес мекеменің жылдық бухгалтерлік баланстары енгізілген.

Мекеме мен жоғарыда аталған бес қарасты мекемелер бойынша 2026 жылдың 01 қаңтар жағдайына жасалынған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің қаржылық есептілік элементтерінің талдамасына жүргізілген аудит нәтижесімен төмендегілер анықталды:

Мекеменің 2026 жылғы 1 қаңтар жағдайына тапсырылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ШҚЕ-1 нысаны бойынша:

Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс
есепті кезең 01.01.2026 жыл.
АКТИВТЕР:
I.Қысқа мерзімді активтер:

«Ақшалай қаражат және оның баламалары» (010 жол) бойынша - есепті кезеңнің басында 511,4 мың теңге және есепті кезеңнің аяғында 1 272,8 теңгенің қаражат қалдығы көрсетілген.

«Бюджетпен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек» (013 жол) бойынша - есепті кезеңнің басында 0 теңге және есепті кезеңнің аяғында 300,6 мың теңге көрсетілген.

«Қызметкерлердің және өзге де есеп беретін тұлғалардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі» (017 жол) бойынша - есепті кезеңнің басында 0 теңге және есепті кезеңнің аяғында 3,7 мың теңге көрсетілген.

«Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешектер» (019 жол) бойынша - есепті кезеңнің басында 323,3 мың теңге және есепті кезеңнің аяғында 3 841,7 мың теңге көрсетілген.

«Қорлар» (020 жол) - есепті кезеңнің басында 136 015,0 мың теңге және есепті кезеңнің аяғында 136 416,4 мың теңгенің қорлар қалдығы көрсетілген.

«Өзге қысқа мерзімді активтер» (022 жол) - есепті кезеңнің басында 2 302,2 мың теңге және есепті кезеңнің аяғында 1 871,5 мың теңге қалдығы көрсетілген.

Қысқа мерзімді активтердің жиыны (100 жол): есепті кезеңнің басында 139 151,9 мың теңге және есепті кезеңнің аяғында 143 706,7 мың теңге.

II.Ұзақ мерзімді активтер:

«Ұзақ мерзімді қаржы инвестициялар» (110 жол) - есепті кезеңнің басында 153 080,8 мың теңгенің және есепті кезеңнің аяғында 153 080,8 мың теңге қалдығы есепте көрсетілген.

«Негізгі құралдар» (114 жол) - есепті кезеңнің басында 3 325 780,0 мың теңгенің және есепті кезеңнің аяғында 2 937 901,5 мың теңгенің активтері қалдығы есепте көрсетілген.

«Аяқталмаған құрылыс және күрделі салымдар» (115 жол) - есепті кезеңнің басында 21 229,8 мың теңгенің және есепті кезеңнің аяғында 19 144,5 мың теңгенің қалдығы есепте көрсетілген.

«Материалдық емес активтер» (118 жол) - есепті кезеңнің басында 29 012,6 мың теңгенің және есепті кезеңнің аяғында 17 424,3 мың теңгенің материалдық емес активтері есепте бар.

«Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары» (119 жол) - есепті кезеңнің басында 0,0 мың теңгенің және есепті кезеңнің аяғында 4 521 528,5 мың теңге қалдығы есепте көрсетілген.

Ұзақ мерзімді активтердің жиыны (200 жол): Есепті кезеңнің басында 3 529 103,2 мың теңге және есепті кезеңнің аяғында 7 649 079,6 мың теңге.

Баланс: есепті кезеңнің басында 3 668 255,1 мың теңге, есепті кезеңнің аяғында 7 792 786,3 мың теңге.

ПАССИВТЕР:

Міндеттемелер, таза активтер/капитал:

III.Қысқа мерзімді міндеттемелер:

«Бюджетке төленетін төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек» (212 жол) бойынша - есепті кезеңнің басында 1,6 мың теңге және есептік кезеңнің аяғында 0 теңге кредиторлық берешектер көрсетілген.

«Басқа да міндетті және ерікті төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек» (214 жол) бойынша - есепті кезеңнің басында 0,0 мың теңге және есептік кезеңнің аяғында 814,3 мың теңге кредиторлық берешек көрсетілген.

«Жеткізушілер мен мердігерлер алдында қысқа мерзімді кредиторлық берешек» (215 жол) бойынша - есепті кезеңнің басында 67,2 мың теңге және есептік кезеңнің аяғында 35,0 мың теңге кредиторлық берешектер көрсетілген

«Қызметкерлердің және өзге де есепті тұлғалардың алдында қысқа мерзімді кредиторлық берешек» (218 жол) бойынша - есепті кезеңнің басында 39 453,4 мың теңге және есептік кезеңнің аяғында 46 059,7 мың теңге кредиторлық берешектер көрсетілген.

«Өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешектер» (221 жол) бойынша-есепті кезеңнің басында 24,2 мың теңге және есептік кезеңнің аяғында 24,2 мың теңге кредиторлық берешектер көрсетілген.

Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиыны (300 жол) – есепті кезеңнің басында 39 546,4 мың теңге, есепті кезеңнің аяғында 46 933,2 мың теңге.

IV.Ұзақ мерзімді міндеттемелер.

Бюджет алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешек (313 жол) – есепті кезеңнің басында 153 080,8 мың теңге, есепті кезеңнің аяғында 153 080,8 мың теңге.

Ұзақ мерзімді міндеттемелердің жиыны (400 жол) – есепті кезеңнің басында 153 080,8 мың теңге, есепті кезеңнің аяғында 153 080,8 мың теңге.

V.Таза активтер/капитал.

Жинақталған қаржылық нәтиже (412 жол) – есепті кезеңнің басында 3 475 627,9 мың теңге және есептік кезеңнің аяғында 7 592 772,3 мың теңге көрсетілген.

Таза активтер/капитал жиыны (500 жол): - есепті кезеңнің басында есепті кезеңнің басында 3 475 627,9 мың теңге және есептік кезеңнің аяғында 7 592 772,3 мың теңге.

Баланс – есепті кезеңнің басында 3 668 255,1 мың теңге, есепті кезеңнің аяғында 7 792 786,3 мың теңге.

ШҚЕ 2- нысаны:

Қаржылық қызмет нәтижелері туралы шоғырландырылған есеп.

Есепті кезең 01.01.2023 жыл.

«Айырбас емес операциялардан алынатын кірістер» (010 жол) бойынша есепті кезеңде 778 075,8 мың теңге және өткен кезеңде 665 565,2 мың теңге көрсетілген.

«Ағымдағы қызметті қаржыландыру» (011 жол) бойынша есепті кезеңде 534 738,8 мың теңге, өткен кезеңде 348 847,0 мың теңгеге көрсетілген.

«Күрделі салымдарды қаржыландыру» (012 жол) бойынша есепті кезеңде 1 200,0 мың теңге және өткен кезеңде 0 теңге көрсетілген.

«Трансферттер бойынша кірістер» (014 жол) бойынша есепті кезеңде 0 теңге және өткен кезеңде 132 408,4 мың теңгеге көрсетілген.

«Субсидиялар» (016 жол) бойынша есепті кезеңде 242 137,0 мың теңге және өткен кезеңде 179 001,0 мың теңге көрсетілген.

«Өзге кірістер» (040 жол) бойынша есепті кезеңде 26 989,4 мың теңге, өткен кезеңде 9 038,9 мың теңгеге көрсетілген.

«Кірістер, барлығы» (010, 021,030,040 жолдардың сомасы (100 жол) бойынша есепті кезеңде 805 065,2 мың теңгенің және өткен кезеңде 674 604,1 мың теңге.

«Мемлекеттік мекеменің шығыстары, оның ішінде» (110 жол) бойынша есепті кезеңде 541 380,3 мың теңгенің және өткен кезеңде 450 213,8 мың теңге көрсетілген.

«Еңбек ақы төлеу» (111 жол) бойынша есепті кезеңде 347 117,6 мың теңге және өткен кезеңде 305 905,9 мың теңге көрсетілген.

«Салықтар мен бюджетке төленетін төлемдер» (113 жол) бойынша есепті кезеңде 15 206,2 мың теңге және өткен кезеңде 15 000,5 мың теңге.

«Қорлар бойынша шығыстар» (114 жол) бойынша есепті кезеңде 29 845,4 мың теңге және өткен кезеңде 21 489,5 мың теңге.

«Іс сапар шығыстары» (115 жол) бойынша есепті кезеңде 62 555,7 мың теңге және өткен кезеңде 44 472,4 мың теңге көрсетілген.

«Коммуналдық шығыстар» (116 жол) бойынша есепті кезеңде 3 568,1 мың теңге және өткен кезеңде 3 036,0 мың теңге көрсетілген.

«Байланыс қызметтері» (119 жол) бойынша есепті кезеңде 6 665,4 мың теңге және өткен кезеңде 6 147,3 мың теңге.

«Активтер амортизациясы» (120 жол) бойынша есепті кезеңде 10 580,4 мың теңге және өткен кезеңде 11 359,7 мың теңге көрсетілген.

«Өзге операциялық шығыстар» (122 жол) бойынша есепті кезеңде 56 256,1 мың теңге және өткен кезеңде 34 595,2 теңге.

«Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға арналған шығыстар» (123 жол) бойынша есепті кезеңде 9 585,4 мың теңге және өткен кезеңде 8 207,3 мың теңге болып көрсетілген.

«Бюджеттік төлемдер бойынша шығыстар, оның ішінде» (130 жол) бойынша есепті кезеңде 242 137,0 мың теңге және өткен кезеңде 224 041,0 мың теңге.

«Субсидиялар» (132 жол) бойынша есепті кезеңде 242 137,0 мың теңге және өткен кезеңде 222 841,0 мың теңге.

«Нысаналы трансферттер» (133 жол) бойынша есепті кезеңде 0 теңге және өткен кезеңде 1 200,0 мың теңге болып көрсетілген.

«Шығыстар, барлығы» (110, 130, 140, 150, 151 жолдардың сомасы (200 жол) бойынша есепті кезеңде 783 517,3 мың теңге және өткен кезеңде 361 305,8 мың теңге көрсетілген.

«Есепті кезеңнің қаржылық нәтижесі» (100 жол–200+/-210, 220, 230, 240-жолдар) (300 жол) бойынша есепті кезеңде 21 547,9 мың теңге және өткен кезеңде 304 259,4 мың теңге.

ШҚЕ 3 - нысаны:

Ақша қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (тікелей әдіс).

I. Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы.

«Ақша қаражатының түсуі – барлығы (010, 017, 020, 030, 040, 050, 060, 070, 071) жолдар сомасы» (100 жол) бойынша есепті кезеңде 778 084,0 мың теңге және өткен кезеңде 541 941,4 мың теңге болып көрсетілген.

«Бюджеттен қаржыландыру, оның ішінде» (010 жол) бойынша есепті кезеңде 778 084,0 мың теңге және өткен кезеңде 541 781,8 мың теңге.

«Ағымдағы қызмет» (011 жол) бойынша есепті кезеңде 160 258,0 мың теңге және өткен кезеңде 97 646,0 мың теңге болып көрсетілген.

«Күрделі салымдар» (012 жол) бойынша есепті кезеңде 1200,0 мың теңге және өткен кезеңде 5 308,8 мың теңге болып көрсетілген.

«Трансферттер» (014 жол) бойынша есепті кезеңде 0 теңге және өткен кезеңде 92 363,0 мың теңге болып көрсетілген.

«Субсидиялар» (015 жол) бойынша - есепті кезеңде 242 137,0 мың теңге және өткен кезеңде 179 001,0 мың теңге болып көрсетілген.

«Уақытша орналастырылған ақша бойынша» (050 жол) бойынша есепті кезеңде 0 теңге, өткен кезеңде 159,6 мың теңге.

«Ақша қаражатының шығуы – барлығы (110, 120, 130, 140, 150, 160, 170, 180, 190, 191, 192 - жолдар сомасы (200 жол) бойынша есепті кезеңде 778 077,5 мың теңге, өткен кезеңде 541 903,2 мың теңге болып көрсетілген.

«Еңбек ақы төлеу» (110 жол) бойынша есепті кезеңде 344 117,6 мың теңге, өткен кезеңде 250 478,8 мың теңге болып көрсетілген.

«Салықтар мен бюджетке төленетін төлемдер» (130 жол) бойынша есепті кезеңде 27 393,5 мың теңге және өткен кезеңде 14 610,3 мың теңге.

«Өнім берушілер мен мердігерлерге тауарлар мен көрсетілетін қызметтер үшін» (140 жол) бойынша есепті кезеңде 79 059,1 мың теңге және өткенде кезеңде 62 541,6 мың теңге болып көрсетілген.

«Трансферттер, субсидиялар» (160 жол) бойынша есепті кезеңде 242 137,0 мың теңге және өткен кезеңде 180 201,0 мың теңге.

«Жыл соңындағы міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар» (180 жол) бойынша есепті кезеңде 1,8 мың теңге және өткен кезеңде 540,4 мың теңге болып көрсетілген.

«Өзге төлемдер» (190 жол) бойынша есепті кезеңде 85 368,5 мың теңге және өткен кезеңде 33 531,1 мың теңге болып көрсетілген.

«Операциялық қызметтен түсетін ақша қаражатының таза сомасы (100-жол минус 200 жол» (300 жол) бойынша есепті кезеңде 6,5 мың теңге және өткен кезеңде 38,4 мың теңге болып көрсетілген.

ШҚЕ 4 - нысаны:

Таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы шоғырландырылған есеп 01.01.2024ж.

Есепті кезеңнің басындағы сальдо (010 жол) жинақталған қаржылық нәтиже 285 830,4 мың теңге және таза активтердің/капиталдың барлығы 285 830,4 мың теңге.

Қайта есептелген сальдо (010+/-020-жолдар (030 жол) жинақталған қаржылық нәтиже 285 830,4 мың теңге және таза активтердің/капиталдың барлығы 285 830,4 мың теңге.

Есепті кезеңдегі қаржылық нәтиже (050 жол) жинақталған қаржылық нәтиже 31 077,3 мың теңге және таза активтердің/капиталдың барлығы 31 077,3 мың теңге.

Есепті кезеңнің аяғындағы сальдо (030+/-040+/-52-жолдар) (060 жол) жинақталған қаржылық нәтиже 316 907,7 мың теңге және таза активтердің/капиталдың барлығы 316 907,7 мың теңге.

Өткен кезеңнің басындағы сальдо (070 жол) жинақталған қаржылық нәтиже 264 963,3 мың теңге және таза активтердің/капиталдың барлығы 264 963,3 мың теңге.

Қайта есептелген сальдо (070+/-080 жолдар) (090 жол) жинақталған қаржылық нәтиже 264 963,3 мың теңге және таза активтердің/капиталдың барлығы 264 963,3 мың теңге.

Өткен кезеңдегі қаржылық нәтиже (110 жол) – жинақталған қаржылық нәтиже (14 496,5) мың теңге және таза активтердің/капиталдың барлығы (14 496,5) мың теңге.

Өткен кезеңнің аяғындағы сальдо (090+/-100+/-110) (120 жол) жинақталған қаржылық нәтиже 250 466,8 мың теңге және таза активтердің/капиталдың барлығы 250 466,8 мың теңге.

ШҚЕ 5 - нысаны:

Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба 01.01.2024ж.

1-кесте бойынша **Ақшалай қаражат және олардың баламалары:**

Ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ (1043) (016 жол) есепті кезеңнің басындағы қалдық 7,1 мың теңге және есепті кезеңнің аяғындағы қалдық 0 теңге.

Барлығы (100 жол) - есепті кезеңнің басындағы қалдық 7,1 мың теңге және есепті кезеңнің аяғындағы сальдо 0 теңге.

4-кесте бойынша **Қорлар:**

Сатып алу құны бойынша (010 жол) есепті кезеңнің басындағы сальдо 4 489,4 мың теңгенің, сатып алу құны бойынша түсімдер (011 жол) 30 961,1 мың теңгенің, оның ішінде Бюджет бойынша қаржыландыру есебінен (012 жол) 30 961,1 мың теңгенің, оның ішінде мемлекеттік мекеменің мұқтажына жұмсалғаны (012-1 жол) 29 520,0 мың теңге, сатып алу құны бойынша шығулар (013 жол) 5 930,5 мың теңге, Баланстық құны бойынша есепті кезеңнің басындағы сальдо (030 жол) 4 489,4 мың теңгенің, Баланстық құны бойынша есепті кезеңнің аяғындағы сальдо (031 жол) 5 930,5 мың теңгенің қорлары көрсетілген.

6-кесте бойынша **Негізгі құралдар:**

Ғимараттар, құрылыстар, көлік құралдары, машиналар мен жабдықтар, аспаптар, өндірістік және шаруашылық мүкәммалдары, өзге де негіз құралдар бойынша бастапқы құны бойынша есепті кезеңнің басындағы сальдо (010 жол) 386 194,5 мың теңгенің, Бастапқы құны бойынша түсімдер (011 жол) 49 391,3 мың теңгенің, оның ішінде Бюджет бойынша қаржыландыру есебінен (012 жол) 6 972,0 мың теңгенің, Бастапқы құны бойынша шығуы (015 жол) 7 319,6 мың теңгенің, оның ішінде Жарамсыз негізгі құралдарды есептен шығару (016 жол) 7 260,1 мың теңгенің, Бастапқы құны бойынша есепті кезеңнің аяғындағы сальдо (017 жол) 414 907,2 мың теңгенің, Есепті кезеңнің басындағы жинақталған амортизация сальдосы (020 жол) 97 929,5 мың теңгенің, Есепті кезеңде есептелген амортизация (022 жол) 10 538,5 мың теңгенің, Есепті кезеңде есептен шығарылған амортизация (023 жол) 5 067,7 мың теңге, Есепті кезеңнің аяғында жинақталған амортизация сальдосы (026 жол) 103 400,3 мың теңгенің, Баланстық құны бойынша есепті кезеңнің басындағы сальдосы (040 жол) 337 656,3 мың теңгенің, Баланстық құны бойынша есепті кезеңнің аяғындағы сальдосы (041 жол) 311 506,9 мың теңгенің негізгі құралдары көрсетілген.

9-кесте бойынша **Материалдық емес активтер:**

Бастапқы құны бойынша есепті кезеңнің басындағы сальдосы (010 жол) 518,0 мың теңгенің, Бастапқы құны бойынша шығуы (015 жол) 199,0 мың теңгенің, Бастапқы құны бойынша есепті кезеңнің аяғындағы сальдосы (017 жол) 319,0 мың теңгенің, Есепті кезеңнің басындағы жинақталған амортизацияның сальдосы (020 жол) 403,0 мың теңгенің, Есепті кезеңде есептелген амортизация (022 жол) 41,9 мың теңгенің, Есепті кезеңде есептен шығарылған амортизация (023 жол) 185,5 мың теңгенің, Есепті кезеңнің

аяғындағы жинақталған амортизация сальдосы (026 жол) 259,4 мың теңгенің, Бастапқы құны бойынша есепті кезеңнің басындағы сальдосы (040 жол) 199,0 мың теңгенің, Бастапқы құны бойынша есепті кезеңнің аяғындағы сальдосы (041 жол) 59,6 мың теңгенің бағдарламаны қамтамасыз етуі көрсетілген. .

Мекемеде ішкі займдар, несиелер, гранттар және бағалы қағаздармен операциялар жүргізілмеген.

«Қаржылық есептілік аудиті» рәсімдік стандартының (*бұдан әрі - Стандарт*) 38-тармағына сәйкес Мәнділік деңгейінің сандық мәнін айқындау үшін төмендегі тәсілдер қолданылды:

-қаржылық есептіліктің барлық көрсеткіштері үшін 2 пайыздық бірыңғай деңгей орнатылды;

-мәнділік деңгейін айқындау үшін іріктелген базалық көрсеткіштерден белгіленген пайыздық үлестердің орташа арифметикалық мәні есептелді;

Бухгалтерлік баланстағы мәнділік деңгейі «Ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар» тарауы алып тасталып белгіленді.

Аудит объектісінің бухгалтерлік есеп және ішкі бақылау жүйесін зерделеу кезінде есепті кезеңде ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар болмауына байланысты бухгалтерлік баланстың барлық көрсеткіштері бойынша мәнділік деңгейі есептеліп, нәтижесінде аудит объектісінің *мәнділік деңгейінің* жалпы мөлшері ((7 792 786,3-153 080,8) /100*2) 152 794,1 мың теңгені құрады.

Сонымен қатар ажырамас тәуекелі, бақылау құралының тәуекелі, анықталмау тәуекелі есептеліп, олардың деңгейі төмендегідей болды:

-ажырамас тәуекел -14%,

-бақылау құралының тәуекелі -16,6%,

-анықталмау тәуекелі – 2,6% болып анықталды.

Ажырамас тәуекелі және анықталмау тәуекелі деңгейлерінің төмен болып, бақылау құралының деңгейі орташа болып анықталуына байланысты 152 794,1 мың теңге *мәнділік деңгейден* 10 пайыз, яғни 15 279,4 мың теңге шегеріліп, *елеулік шегі* 137 514,7 мың теңге болып анықталды.

Жұмыс нәтижелері Стандарттың 1-қосымшасына сәйкес «ЖҚ - елеулі бұрмалаулар тәуекелін бағалау (ЖҚ-ЕҚТ)», 2-қосымшасына сәйкес «ЖҚ-Бақылау құралдарының тәуекелін бағалау (ЖҚ-БҚТБ)», 3-қосымшасына сәйкес «ЖҚ-Ажырамас тәуекелді бағалау (ЖҚ-АТБ)», 4-қосымшасына сәйкес «ЖҚ-Анықталмау тәуекелінбағалау (ЖҚ-АТБ)», Мәнділік деңгейін есептеу 5-қосымшасына сәйкес «ЖҚ - Елеулік деңгейін есептеу (ЖҚ-ЕДЕ)» жұмыс құжаттарымен рәсімделді.

Аудит барысында Мекемеге қарасты бес коммуналдық мемлекеттік мекемелерге үстеме тексерулер жүргізілді, сонымен қатар аудитпен Мекеменің өзі қамтылды.

Ақшалай қаражат пен олардың баламаларының аудиті.

Сұрақ. Есептік деректер бойынша есепті кезеңге кіріс сальдосын ауыстырудың толықтығы мен дұрыстығы, есеп және қаржылық есептілік бойынша шығыс сальдоның дұрыстығын растау.

Жауап. Мекемелердің шығыс операциялары ағымдағы қаржы жылына немесе 2025 жылға арналған төлемдер бойынша жеке қаржыландыру

жоспары шегінде шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша жүргізілген.

Бухгалтерлік баланстың «Ақшалай қаражат және олардың баламалары» тарауы бойынша аудиторлық шараларды орындау үшін мынадай рәсімдер орындалды:

-бухгалтерлік есеп құжаттары тексерілді *(міндеттемелері мен төлемдері бойынша жеке қаржыландыру жоспары; ай сайынғы 2-мемориалды ордері – Нысандар альбомының 381 нысанды мемлекеттік мекемелердің кодтарындағы қаражаттың қозғалысы жөнінде жинақтау ведомостілері, ақша қаражатымен және олардың баламаларымен жасалатын операцияларды есепке алу үшін «Ақша қаражаты және олардың баламалары» кіші бөлімінің 1043, 1091 шоттарының қозғалысы есебі, 4-20- нысаны бойынша «Шығыстар туралы жиынтық есеп», 5-15-нысаны бойынша мемлекеттік мекеменің жүргізген төлемдері бойынша күнделікті үзінді көшірмелері; 5-17- нысаны бойынша «Қайта құру және аударымдардың тізілімі», № 308-нысаны бойынша «Бас-Журнал» кітабы)*;

-синтетикалық және талдамалық есепке алу тізілімдерінде ақша қаражаттарының көрсетілуінің және олармен жасалатын мәмілелердің дұрыстығы;

-бухгалтерлік есепке және қаржылық есептілікте ақшалай қаражат және олардың баламалары көрінісінің дұрыстығы тексерілді;

-ақша қаражатының қозғалысы туралы құжаттаманың дұрыстығы және есепке алынуы тексерілді;

-кіріс және шығыс қозғалысының дәлдігі тексерілді.

Есепті кезеңде Мекемеде ақша қаражаттары мен олардың баламалары бойынша есеп операциялары 1000 «Ақша қаражаттары және олардың баламалары» шотының төмендегі қосалқы шоттары арқылы жүргізілген:

1091«Жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары»;

1092 «Күрделі салымдар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар»;

1093 «Трансферттер бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар»;

1094 «Субсидиялар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар».

Ақша қаражаты және олардың баламаларының қозғалысы бухгалтерлік есепке сәйкес төмендегі кестеде көрсетілген.

(мың теңге)

Шот	Шоттар атауы	01.01.2025 жылға қалдық.		Айналым		01.01.2026 жылға қалдық.	
		Дебет	Кредит	Дебет	Кредит	Дебет	Кредит
1090	Ақшалай қаражат және олардың баламалары	0	0	5 265 199,1	5 265 199,1	0	0
1091	Жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары	0	0	610 837,7	610 837,7	0	0
1092	Күрделі салымдар бойынша міндеттеме-лер қабылдауға	0	0	2 867,0	2 867,0	0	0

	арналған жоспарлы тағайындаулар						
1093	Трансферттер бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар	0	0	165 722,0	165 722,0	0	0
1094	Субсидиялар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар	0	0	4 485 772,4	4 485 772,4	0	0

Мекеменің бухгалтерлік есеп деректерінде ақша қаражаттарының қалдығы қалыптаспаған, қаржылық есептілігінде «Ақшалай қаражат және олардың баламалары» 010 жол коды бойынша көрсетілмеген, Облыстық архивтің 1042 «Ақылы көрсетілетін қызметтер ҚБШ», 1043 «Ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ» қосалқы шоттары бойынша қалыптасқан есептің кезеңнің басындағы 511,4 мың теңге мен есепті кезеңнің аяғындағы 1 272,8 мың теңге шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 010 жол коды бойынша көрініс тапқан.

Сұрақ. Ақша қаражаты мен ақша құжаттарының қозғалысы, сақталуы, есептен шығарылуы, шығуы бойынша операциялардың, түгендеу нәтижелерінің, бухгалтерлік есебінің, сондай-ақ қаржылық есептілікте көрсетілуінің дұрыстығы.

Жауап. Мекеменің кодтарындағы қаражаттың қозғалысы бойынша операцияларды есепке алу жинақтау ведомосінің Нысандар альбомының 381 нысаны бойынша (2-мемориалды ордер) жазбалар «Шығыстар бойынша жиынтық есеп» 4-20 нысанды есептер және 5-15 «Мемлекеттік мекемелер бойынша төлемдер тізілімі» нысаны мен оған қоса берілген құжаттар негізінде, ағымдағы қаржы жылының төлемдерін қайтару бойынша жазбалар 2-38 нысаны бойынша төлем тапсырмасы мен аудандық қазынашылық бөлімшесі ұсынған 5-17 «Қалпына келтіру мен тасымалдар тізілімі» нысанының есебі негізінде жүргізілген.

Ақша қаражаты мен ақша құжаттарының қозғалысы, сақталуы, есептен шығарылуы, шығуы бойынша операциялардың бухгалтерлік есебінің дұрыстығын тексергенде ауытқушылықтар анықталған жоқ.

Сұрақ. Аудит нәтижелерін қорытындылау және бағалау, сондай-ақ аудит жүргізу барысында анықталған қателерді талдау және олардың тексерілетін кезеңдегі қаржылық есептіліктің дұрыстығына әсері.

Жауап. Ақшалай қаражаттар және олардың баламаларына жүргізілген аудит нәтижелері бойынша келесі тұжырымдар жасалып, бағаланды:

-бухгалтерлік есепте көрсетілген ақша қаражаты мен олардың баламаларының қозғалысы бойынша операциялар осы аудит объектісіне жатады;

-ақша қаражаты мен олардың баламалары бухгалтерлік есепте есепке толығымен алынған және қаржылық есептілікте толығымен көрсетілген;

-қаржылық есептілікке берілген ақпаратта ақша қаражаты мен олардың баламалары қозғалысы толығымен ашылған;

-ақша қаражаты мен олардың баламалары қозғалысы немесе операциялар бухгалтерлік есепті жүргізу жөніндегі нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүргізілген.

Аудиторлық дәлелдемелердің көздері: *(5-15-нысаны бойынша мемлекеттік мекеменің жүргізген төлемдері бойынша күнделікті үзінді көшірмелері: 4-20-нысаны бойынша «Шығыстар бойынша жиынтық есеп», 5-17-нысаны бойынша «Қалпына келтірулер мен ауыстырулар тізілімі», 2-мемориалды ордері).*

Қаржы инвестициялары мен қаржылық міндеттемелер аудиті

«Ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялары» бойынша аудиторлық шараларды орындау үшін төмендегілер қолданылды:

-бухгалтерлік құжаттама нысандарының альбомының ОС-1-нысаны активтерін қабылдап алу-беру (ауыстыру) актілері, беру актілері;

-мемлекеттік мекеменің міндеттемелері мен төлемдері бойынша жеке қаржыландыру жоспары;

-бухгалтерлік құжаттама нысандарының альбомының 83 қосымшасына сәйкес 292-нысаны бойынша демеушілік және қайырымдылық көмек, уақытша ақша орналастыру, шетел валютасындағы шоттар мен арнайы шоттар, басқа да ақшалай қаражат, қаржы инвестициялары мен қаржы міндеттемелері ҚБШ кітабы;

-бухгалтерлік құжаттама нысандарының альбомының 72-қосымшасына сәйкес 294-нысаны бойынша жоспарлы тағайындаулар мен шығыстарды есепке алу кітабы;

Ішкі бақылау жүйесі бойынша қаржы инвестициялары мен қаржылық міндеттемелерді тестілеу кезінде ішкі бақылау жүйесінің тәуекел деңгейі төмен болып анықталып, осыған орай аудит ішінара жүргізілді.

Сұрақ: Бухгалтерлік есепте қаржы инвестициялары мен қаржылық міндеттемелерінің көрсетілуінің дұрыстығы және толықтығы.

Есепті кезеңде Мекемеде қаржы инвестициялары мен қаржылық міндеттемелер бойынша операцияларды есепке алу үшін 2120 «Ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары» шоты пайдаланылған.

Есепті кезеңнің деректері бойынша қаржы инвестициялары мен қаржылық міндеттемелері келесі кестеде көрсетілген:

(мың теңге)

Шот	Шоттың атауы	01.01.2025 жылға сальдо		Кезеңдегі айналымдар		01.01.2026 жылға сальдо	
		Дебет	Кредит	Дебет	Кредит	Дебет	Кредит
2120	Ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары	153 080,8	0	0	0	153 080,8	0

Есепті кезеңнің басында 2120 «Ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары» қосалқы шоты бойынша есепті кезеңнің басында 153 080,8 мың теңгенің және есепті кезеңнің соңында 153 080,8 мың теңгенің қаржылық инвестициялары баланстың «Ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялары»110 жолы бойынша көрсетілген.

Есепті кезеңнің басында және аяғында Мекеменің бухгалтерлік есебінде 2120 «Ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары» шоты бойынша 153 080,8 мың теңгенің ұзақ мерзімді ұсынылған қарыздар (кредит) есепте бар екені анықталды (Жаңақорған ауданы, Жаңаарық ауылындағы ауылдық клубын күрделі жөндеу жұмыстары және Шиелі ауданы, Бірлестік ауылындағы «Жаназар» ауылындағы ауылдық клубын күрделі жөндеу жұмыстары).

«Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қарасты 5 коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар бар.

1.«Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Нартай Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театры» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын (бұдан әрі – Нартай Бекежанов драма театры).

2.«Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Қызылорда облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығы»» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын (бұдан әрі – Продюсерлік орталық).

3.«Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын (бұдан әрі – Тарихи-өлкетану музейі).

4.«Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Қорқыт ата» мемориалды музейі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын (бұдан әрі – Қорқыт ата музейі).

5.«Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Қызылорда облыстық филармониясы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын (бұдан әрі-Облыстық филармония).

Мекемемен шоғырландырылған қаржылық есептілікті қалыптастыру барысында жоғарыда аталған 5 коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындардың ұзақ мерзімді активтердің жиынтық сомасын 4 521 528,5 мың теңгені есепті жылдың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің «Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары» 119-қатары бойынша есепті кезеңнің соңына көрсетілген.

«Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2025 жылғы 15 мамырдағы №229 бұйрығының (бұдан әрі - №229 Қағида) 2-параграф 30-тармағына сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікке ашылымдарда "Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары" бабы бойынша (ШҚЕ-1-нысанының 119-жолы) ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары, соның ішінде квазимемлекеттік сектор субъектілері (инвестиция субъектілерінің атауы мен тұрғылықты жерлері, жарғылық капиталында мемлекеттің қатысу үлесі, инвестицияның есепті кезеңдегі қозғалысы) бойынша ақпарат "Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШҚЕ-5- нысанының 7-кестесіне сәйкес көрсетіледі.

Мекемемен шоғырландырылған қаржылық есептіліктінің Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШҚЕ-5-нысанының 7-кестесінде жоғарыда аталған 5 коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындардың негізгі құралдар мен материалдық емес активтерінің жиынтық сомасын 4 521 528,5 мың теңге көрсетілген.

Нартай Бекежанов театрдың Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасының 01.02.2024 жылғы №01-17-69 бұйрығымен бекітілген

жарғысының 4-тармағында «Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын «Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады» деп көрсетілген.

Продюсерлік орталықтың Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасының 01.02.2024 жылғы №01-17-61 бұйрығымен бекітілген жарғысының 4-тармағында «Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын «Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады» деп көрсетілген.

Тарихи-өлкетану музейдің Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасының 01.02.2024 жылғы №01-17-62 бұйрығымен бекітілген жарғысының 4-тармағында «Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын «Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады» деп көрсетілген.

Қорқыт ата музейдің Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасының 01.02.2024 жылғы №01-17-66 бұйрығымен бекітілген жарғысының 4-тармағында «Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын «Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады» деп көрсетілген.

Облыстық филармонияның жар Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасының 01.02.2024 жылғы №01-17-70 бұйрығымен бекітілген жарғысының 4-тармағында «Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын «Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады» деп көрсетілген.

1-тармақ. Мекемемен №229 Қағиданың 2-параграфы 30-тармағының талабын сақтамай 2025 жылдың шоғырландырылған қаржылық есептілігін қалыптастыру барысында 119-қатарда есепті кезеңнің соңына **4 521 528,5 мың теңгені** көрсетіп, бұрмаланған шоғырландырылған қаржылық есептілікті қалыптастырылған.

Сұрақ: Қаржы инвестициялары мен қаржылық міндеттемелерінің кіріс және шығыс қалдықтары сальдосын көрсетудің және растаудың дұрыстығы.

Қаржы инвестициялары мен қаржылық міндеттемелер бойынша жүргізілген аудиттің нәтижесімен келесі қорытындылар жасалды:

-қаржылық инвестициялар мен қаржылық міндеттемелер бухгалтерлік есепте ескерілген және қаржылық есептілікте көрсетілді және олар бойынша ақпарат ашылған;

-шоғырландырылған қаржылық есепте «Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары» 119-қатарының есепті кезеңнің соңындағы 4 521 528,5 мың теңгені қоспағанда қаржылық инвестициялар мен қаржылық міндеттемелер бойынша көрсетілген операциялар осы аудит объектісіне шын мәнінде тиесілі;

-қаржылық инвестициялар мен қаржылық міндеттемелер тиісінше сомада көрсетілген және есепті кезең ішінде таратылған;

-қаржылық инвестициялар мен қаржылық міндеттемелердің операциялары Қазақстан Республикасындағы бухгалтерлік есепті жүргізу жөніндегі нормативтік құқықтық актілерге сәйкес бухгалтерлік есепте көрсетілген.

Қорлар аудиті.

Қорлар бойынша аудиторлық шараларды орындау үшін төмендегі бухгалтерлік құжаттар қолданылды:

- бухгалтерлік баланс;
- қаржылық есептілікке түсіндірме жазба;

-№М-17 «Бухгалтерлік есептің айналымы туралы есеп», №296 «Қорларды сандық-соммалық есепке алу кітабы», №410 «Мемлекеттік мекемелердің қажеттіліктеріне арналған материалдар шығару ведомосы», №429 «Қорларды қабылдау актісі»;

Сонымен қатар:

-бастапқы құжаттар *(қорларды жеткізу шарттары, шот-фактуралар, жүкқұжаттар, актілер және т.б.),* түгендеу *(түгендеу тізімдемелері)* материалдары;

-бухгалтерлік есеп пен қаржы есептілігінде бастапқы тану кезінде қорлардың дұрыстығы, құжаттаманың дұрыстығын және қорлардың қозғалысы туралы операциялардың есепте көрсетілуі;

-баланстағы кіріс және шығыс сенімділігін растау;

-қорлардың болуын және қауіпсіздігін растау тексерілді.

Сұрақ. Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікте бастапқы тану кезінде қорлардың дұрыс көрсетілуін, сондай-ақ қорлардың қозғалысы мен есептен шығару бойынша операцияларды есепте көрсетілуін тексеру.

*Жауап.*Мекемелерде қорлардың есебі 1300 «Қорлар» шотының қосалқы шоттары:

1316 «Шаруашылық материалдары және кеңсе жарақтары»;

1319 «Өзге материалдар» қолданылып, жүргізілген.

Мекемеде және оған қарасты бес мекемеде қорларды есепке алу материалдардың атауы мен жауапты тұлғалар бойынша сандық және сома түрінде жүргізіліп, қорларды шығыстау ФИФО әдісімен жүзеге асырылған.

Қорлардың қозғалысы бухгалтерлік есепке сәйкес төмендегі кестеде көрсетілген.

(мың теңге)

Шот	Шоттар атауы	01.01.2025 жылға қалдық.		Айналым		01.01.2026 жылға қалдық.	
		Дебет	Кредит	Дебет	Кредит	Дебет	Кредит
1300	Қорлар	631,4	0	2 255,5	1 534,3	1 352,6	
1316	Шаруашылық материалдары және кеңсе жарақтары	609,2	0	2 019,5	1 455,3	1 173,5	
1319	Өзге материалдар	22,2	0	236,0	79,0	179,1	

Кестеде көрсетілген қорлардың есепті кезеңнің басындағы 631,4 мың теңге кіріс сальдосы және есепті кезеңнің аяғында құралған 1 352,6 мың

теңге шығыс сальдосы мекеменің 2026 жылғы 1 қаңтарға жасалған бухгалтерлік балансының «Қысқа мерзімді активтер» бөлімінің 020 жолында дұрыс көрсетілген.

Есепті кезең көлемінде жалпы сомасы 2 255,5 мың теңгенің қорлары кіріске алынып, есепті кезеңде жалпы сомасы 1534,3 мың теңгенің қорлары шығысталған.

Жиынтық ведомостағы жазбалар әрбір құжат және тиісті қосалқы шоттар бойынша жүргізілген.

Атап айтқанда, қорларды сатып алу төмендегідей корреспонденциялармен: 1300 «Қорлар» шотының тиісті қосалқы шоттарының 1316,1319 дебетінде және 3210 «Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек» шотының кредитінде (қайтарымды немесе айырбастау ыдысын алып тастағанда, сатып алу бағасы бойынша) көрсетілген.

Алайда Мекемеде және үстеме тексерумен қамтылған Мекемеге қарасты мекемелерде қорлардың қосалқы шоттар бойынша кіріске алынуының дұрыстығына жүргізілген аудитпен анықталғаны:

Анаға тағзым орталығы 24,9 мың теңгенің қорлары *(чайник-18200теңге, шелек-6690теңге)* 1316 «Шаруашылық материалдары және кеңсе жарақтары» қосалқы шотына кірістеу орнына 1319 «Өзге материалдар»қосалқы шотына кірістелгені, 1 284,2 мың теңгенің қорлары *(шланг поливочный-26500теңге, шерсть овечья-84000теңге, шахмат-3000теңге, флеш накопитель-56674теңге, самовар-35000теңге, обруч гимнастический-44640теңге, наушники-22321теңге, мышь манипулятор-50000теңге, набор настольный-47277теңге, лук-214000теңге, корм для рыб-8928теңге, клавиатура-50000теңге, диск жесткий-207589теңге, дождеватель для полива-20000теңге, батарейка-387250теңге)* 1319 «Өзге материалдар» қосалқы шотына кірістеу орнына 1316 «Шаруашылық материалдары және кеңсе жарақтары»қосалқы шотына кірістелгені, 119,4 мың теңгенің қорлары *(тройник чугунный-5000теңге, краска эмаль- 65000теңге, кран шаровой-25500теңге, гипс-17856теңге, американка-6000теңге)* 1311 «Құрылыс материалдары» қосалқы шотына кірістеу орнына 1316 «Шаруашылық материалдары және кеңсе жарақтары» қосалқы шотына кірістелгені, 874,8 мың теңгенің қорлары *(шина-604800теңге, трансформатор розжига-40000теңге, оперативная память-44000теңге, масляный фильтр-10000 теңге, видеокарта-176000теңге)* 1318 «Қосалқы бөлшектер» қосалқы шотына кірістеу орнына 1316 «Шаруашылық материалдары және кеңсе жарақтары» қосалқы шотына кірістелген.

Облыстық архив 912,2 мың теңгенің қорлары *(диск жесткий-35000теңге, батарейка-412823теңге, бутылка для воды-16500теңге, жалюзи-11200теңге, CD/DVDдиски-94944теңге, электронный ключ-341734теңге)* 1319 «Өзге материалдар» қосалқы шотына кірістелмей 1316 «Шаруашылық материалдары және кеңсе жарақтары» қосалқы шотына кірістелген, 132,7 мың теңгенің қорлары *(муфта-44110теңге, колер-33300теңге, кран маевский-17600теңге, отвод-21000теңге, электрод сварочный-16665теңге)* 1311 «Құрылыс материалдары» қосалқы шотына кірістелмей 1316 «Шаруашылық материалдары және кеңсе жарақтары» қосалқы шотына кірістелген, 157,3 мың теңгенің қорлары *(аккумулятор-55400теңге, аккумулятор-101904теңге)* 1318 «Қосалқы бөлшектер» қосалқы шотына кірістелмей 1311 «Құрылыс материалдары» қосалқы шотына кірістелген, 247,1 мың теңгенің қорлары *(фирмалық бланка-182150теңге, исходящий штамп-65000теңге)* 1330 «Дайын өнімдер» қосалқы шотына кірістелмей 1316 «Шаруашылық материалдары және кеңсе жарақтары»

қосалқы шотына кірістелген, 390,0 мың теңгенің қоры *(халат рабочий-390000теңге)* 1317 «Арнайы киімдер және басқа да жеке қолдану заттары» қосалқы шотына кірістелмей 1316 «Шаруашылық материалдары және кеңсе жарақтары» қосалқы шотына кірістелген.

Арнаулы кітапхана 234,0 мың теңгенің қорлары *(жалюзи-13392теңге, тоғызқұмалақ-53571теңге, ойындар-30803теңге, батарейка-6426теңге, клавиатура-12051теңге, флешка-33480теңге, дискілер-84240теңге)* 1319 «Өзге материалдар» қосалқы шотына кірістемей 1316 «Шаруашылық материалдары және кеңсе жарақтары» қосалқы шотына кірістелген, 166,9 мың теңгенің қорлары *(плитка 64680теңге, пробка чугунная 1970 теңге, чугун радиаторы- 39110теңге, смеситель-15624теңге, труба утюжный-13500теңге, фильтр/фитинг-14200теңге, адаптер-17800теңге)* 1311 «Құрылыс материалдары» қосалқы шотына кірістелмей 1319 «Өзге материалдар» қосалқы шотына кірістелген, 38,8 мың теңгенің қорлары *(краска эмаль 36000 теңге, гипс 2858 теңге)* 1311 «Құрылыс материалдары» қосалқы шотына кірістелмей 1316 «Шаруашылық материалдары және кеңсе жарақтары» қосалқы шотына кірістелген, 16,3 мың теңгенің қорлары *(фирменный бланка 16300 теңге)* 1330 «Дайын өнімдер» қосалқы шотына кірістелмей 1319 «Өзге материалдар» қосалқы шотына кірістелген, 92,5 мың теңгенің қоры *(жесткий дискі-92478теңге)* 1319 «Өзге де материалдар» қосалқы шотына кірістелмей 1330 «Дайын өнімдер» қосалқы шотына кірістелген.

Тарихи-мәдени мұраны қорғау орталығы 12,5 мың теңгенің күрегін 1316 «Шаруашылық материалдары және кеңсе жарақтары» қосалқы шотына кірістемей 1319 «Өзге материалдар» қосалқы шотына кірістеген, 354,5 мың теңгенің қорлары *(арматура для унитаза 188040теңге, краска белая 28119теңге, раковина-32928теңге, смеситель-44968теңге, сифон гофра-14453теңге, унитаз-45998теңге)* 1311 «Құрылыс материалдары» қосалқы шотына кірістелмей 1316 «Шаруашылық материалдары және кеңсе жарақтары» қосалқы шотына кірістелген, 17,8 мың теңгенің фирмалық бланкілері 1330 «Дайын өнімдер» қосалқы шотына кірістелмей 1312 «Оқу, ғылыми зерттеулерге және басқа да мақсаттарға арналған материалдар» қосалқы шотына кірістелген.

